83. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оны әрі қарай сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жібереді.

84. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап жалпы қарау мерзімі – 15 жұмыс күні.

85. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

**4-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шептімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

86. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

87. Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация филиалының басшысына Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz). интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, сондай-ақ поштамен келіп түскен шағымдардың кеңесінде қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады (мертаңба , кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

88. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңың 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

89. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңың 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Білім туралы мемлекеттік  
ұлгідегі құжаттарды беру  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

(оку орнының атауы)  
азамат(ша) \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болғанда) және  
жеке сәйкестендіру номері)

(аяқталу жылы)

оку орнының атауы мен  
mekенжайы өзгерістер болған  
жағдайда

**Отініш**

Сізден \_\_\_\_\_ (себебін көрсету) \_\_\_\_\_ маған аттестаттың (куәліктің) телнұсқасын беруінізді сұраймын (қажетті құжаттың астын сызу қажет) байланысты

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен қупия қорғалатын мәліметтерді қолдануға келісемін.

"\_\_\_" 20 жыл

ҚОЛЫ

Білім туралы мемлекеттік  
ұлгідегі құжаттарды беру  
қағидаларына  
2-қосымша

"Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру: 1) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының кенесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкімет" "www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияга немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымына тапсырған сәттен бастап – 15 жұмыс күні. 2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут.
4	Көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы бойынша алаңша алады. Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуды бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін тұскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүргізілсе де 9.00-ден 20.00-г е д е й і н ;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жузеге а с ы р ы л а д ы ).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>3) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында.</p>
8	Күжаттардың тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің көнсесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) құжатын жоғалтқан немесе бұлдірген білім алушының немесе кәмелет жасқа толмаған баланың ата-анасының (заңды өкілінің) негізгі орта және жалпы орта білім беру үйімі басшысының атына осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес өтініші;</p> <p>2) білім алушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (паспорты) және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім туралы құжаттың түпнұсқасы қоса б е р і л е д і .</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады".</p> <p>п о р т а л д а :</p>

		көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен күәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен күәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес негізгі орта және жалпы орта білім беру үйимының басшысының атына өтініш.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаган және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру үйимының қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүргіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін кажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді. Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының www.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған. Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін колжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, кажетті құжатты таңдау қажет.

Білім туралы мемлекеттік

үлгідегі құжаттарды беру

қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат № \_\_\_\_\_

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі/ білім беру үйимі

мынадай құжаттар алынды:

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

1. Өтініш

2. Басқа \_\_\_\_\_

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/ білім беру үйімі қызметкерінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

(қолы)

Алдың: көрсетілетін қызметті алушының \_\_\_\_\_

(қолы)

20 \_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_"

Білім туралы мемлекеттік  
ұлгідегі құжаттарды беру

қағидаларына

4-косымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті  
алушының

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

немесе көрсетілетін қызметті

алушы үйімінің атауы

(көрсетілетін қызмет алушының  
mekенжайы)

### **Құжаттарды қабылдаудан бас тартылғаны туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № бөлімі (mekенжайын көрсету)/білім беру үйімі \_\_\_\_\_ (mekенжайы көрсетілсін) Сіздің (атауы) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеке сәйкес \_\_\_\_\_ толық құжаттар топтамасын ұсынбауызызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_;....

Осы қолхат әр тараپқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/

білім беру үйімі қызметкерінің

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_ (қолы)

Орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Телефоны \_\_\_\_\_

Алдың: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

Білім туралы мемлекеттік  
ұлгідегі құжаттарды беру  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

(ұйым басшысының Т.А.Ә.  
(бар болған жағдайда) толық)

(көрсетілетін қызметті  
алушының Т.А.Ә.  
(бар болған жағдайда) толық)

(оку орнының атауы, бітірген  
жылы)

(мамандық атауы)

мамандығы бойынша

өзгерген жағдайда оку орнының  
атауы және мекенжайы

## Өтініш

Маган \_\_\_\_\_  
(себебін көрсету)

— байланысты  
дипломның телнұсқасын (қосымшасымен бірге дипломның телнұсқасын,  
дипломның телнұсқасын, қосымшаның телнұсқасын) беруінізді сұраймын. Ақпараттық  
жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21  
мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен қупия қорғалатын мәліметтерді  
қолдануға келісемін. " \_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ ж.  
(қолы)

Білім туралы мемлекеттік  
ұлгідегі құжаттарды беру  
қағидаларына  
6-қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұскаларын беру"  
мемлекеттік қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары ( бұдан әрі – ТЖКБ ұйымдары)
---	--	--

2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру: 1) ТЖКБ ұйымдарының кеңесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) "www.gov.kz" "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе ТЖКБ ұйымына немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 15 (он б е с ) жұмыс күні ; 2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсыру үшін күтудін рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 15 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жарап . Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық/қағаз түрінде . Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Портал арқылы жүргінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы бойынша алады . Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сактауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сактауға береаді . Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүргінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі
		1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес. Отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады ; 2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден

		2 0 . 0 0 - г е	д е й і н .
7	Жұмыс кестесі	<p>Күжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша "электронды" кезек тәртібінде, не жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электронды үкімет" веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдау ж о л ы м е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді коспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>3) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында.</p>	
8	Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізімі	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) құжатын жоғалтқан немесе бұлдірген білім алушының немесе кәмелет жасқа толмаған баланың ата-анасының (заны өкілінің) ТжКОБ үйыми басшысының атына оның мән-жайы баяндалған осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өтініші;</p> <p>2) білім алушының туу туралы күәлігі немесе жеке күәлігі (паспорты) және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім беру туралы құжаттың түпнұсқасы қоса б е р і л е д і .</p> <p>Жеке басын күәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелдерден алды және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде кыска мәтіндік хабарлама ж і б е р а р қ ы л ы а л а д ы .</p> <p>п о р т а л д а :</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық колтаңбасымен күәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен күәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 5-қосымшага сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру үйимының басшысының атына өтініш.</p>	
9	Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру үйимының қызметкері өтінішті</p>	

	мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-косымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозгалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді. Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> және бірыңғай байланыс орталығының <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> интернет-ресурстарында орналастырылған. Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.</p>

Білім туралы мемлекеттік  
үлгідегі құжаттарды беру  
қағидаларына  
7-қосымша

---

/жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйимдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық/

---

/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық/

---

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ағылшын тілінде толық/

---

/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген жағдайда/

---

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) атауы/

---

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша

/ЖЖОКБҰ бітірген жылы/

/көрсетілетін қызметті  
алушының байланыс деректері/

/ ЖЖОКБҰ атауы және  
мекенжайы, өзгерген жағдайда/  
Нысан

## Отініш

Маған \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

/себебін көрсету/

\_\_\_\_\_ байланысты дипломның телнұсқасын (қосымшасымен бірге дипломның телнұсқасын, дипломның телнұсқасын, қосымшаның телнұсқасын) беруінізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен құпия қорғалатын мәліметтерді қолдануға келісемін. " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

/қолы/

Ескертпе: мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес баспа әріптермен толтырылады

Білім туралы мемлекеттік  
ұлгідегі құжаттарды беру  
қағидаларына  
8-қосымша

"Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдары
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуге отініштерді қабылдау және нәтижелерін б е р у :</p> <p>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);</p> <p>2) "электрондық үкіметтің" "www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.</p>
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап жалпы карау мерзімі – 15 ж ұ м ы с к ү н і ;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзак уақыты – 15 минут;</p>

		3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі	<p>Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту тұралы дәлелді жауп.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (немесе оның өкілі көрсетілетін қызметті алушының нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша) көрсеткен кездे жүзеге асырылады.</p> <p>Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген мекенжайы бойынша алады. Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібіреді.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00 - ге дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша "электронды" кезек тәртібінде, не жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электронды үкімет" веб-порталы арқылы электронды көзекті броньдау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің:</p>

		<p>www.edu.gov.kz интернет-ресурсында;      2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурсында;      3) www.egov.kz порталында.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізімі	<p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЖОКБҰ басшысының атына көрсетілетін қызметті алушының немесе оның екілінің (көрсетілетін қызметті алушыдан нотариалды қуәландырылған сенімхат) өтініші;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын қуәландыратын құжаты және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тегі (аты, экесінің аты (болған жағдайда)) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім туралы құжаттың түпнұсқасы коса беріледі.</p> <p>Жеке басын қуәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады".</p> <p>п о р т а л д а :</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен қуәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен қуәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 7-қосымшаға сәйкес ЖЖОКБҰ басшысының атына өтініш.</p>
9	Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді. Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі б а р .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс</p>

<p>ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>телефондары Министрліктің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> және бірынгай байланыс орталығының <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> интернет-ресурстарында орналастырылған. Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтанбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, кажетті құжатты таңдау қажет.</p>
---	--

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қантардағы  
№ 39 бұйрығына  
36-қосымша

## **Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидалары**

**Ескеरту. Қағида 36-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2021 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидалары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді үйымдастыру рәсімін бірынгай үйымдастыру мақсатында әзірленді.

### **2-тaraу. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптар**

2. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшаларында:
  - 1) ЖЖОКБҰ атауы;
  - 2) бітірушілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
  - 3) білім беру бағдарламасының (мамандықтың) кодын және атауы;
  - 4) берілетін дәреже;
  - 5) дәреже беру туралы атtestаттау комиссиясы отырысының хаттамасының күні мен нөмірі (бар болса). Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктордың дипломдарында ғылыми консультанттар мен ресми рецензенттер туралы мәліметтер, диссертациялық кеңес отырысының күні, хаттама нөмірі (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ үшін) немесе Комитет шешімінің күні мен бұйрық нөмірі (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ үшін);
  - 6) оқыту нысаны;
  - 7) ЖЖОКБҰ басшысының қолдары;
  - 8) реттік тіркеу нөмірі;

9) берілген күнін және орны (қала);

10) ЖЖОКБҰ мөрі болады.

3. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда институционалдық аккредиттеу бойынша аккредиттеу агенттігінің логотипі және (немесе) атауы орналастырылады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшада білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша аккредиттеу агенттіктерінің логотиптері және (немесе) орналастырылады.

4. Педагогикалық қайта даярлау туралы сертификаттарда:

1) ЖЖОКБҰ атауы;

2) тындаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

3) кредиттердің саны;

4) ЖЖОКБҰ басшысының қолы;

5) реттік тіркеу нөмірі;

6) берілген күні;

7) ЖЖОКБҰ мөрі болады.

5. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың қорғаныш белгілері болады.

6. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру және жинау технологиясын және (немесе) QR коды (мөлшері 3x3 см. кем емес) қолданылады.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әрбір түрі үшін серия мен реттік нөмірлеуді белгілейді.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мынадай сериялары бар:

1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – BD;

2) біліктілік берілетін жоғары білім туралы диплом – BQ;

3) магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MA;

4) іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MBA;

5) іскерлік әкімшілік жүргізу докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – DBA;

6) магистр дипломына куәлік – CMD;

7) педагогикалық қайта даярлау туралы сертификат – CPR;

8) философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – PhD;

9) бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – PD.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әр түрін нөмірлеу арнайы қызметті қолдану арқылы жасалады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың нөмірлерін қалыптастыру Үлттық білім беру базасына енгізілген білім алушылар туралы ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

8. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар басып шығару құрылғыларының көмегімен толтырылады.

9. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшалары мемлекеттік, ағылшын және (немесе) басқа (орыс және т.б.) тілдерде толтырылады.

10. Бланкілер мынадай түрде толтырылады:

1) оқуды аяқтаған Қазақстан Республикасы азаматтары үшін "тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)" деген жолда адамның жеке басты қуәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

2) шетелдік азаматтың "тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)" деген жолда шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;

3) "білім беру ұйымының толық атауы" деген жолда ЖЖОКБҰ ресми атауы көрсетіледі;

4) "дәреже/біліктілік берілді" деген жолда – берілетін дәреженің/біліктіліктің атауы;

5) "мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы" деген жолдарда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды, атауы көрсетіледі;

6) "оқыту нысаны" деген жолда оқыту нысаны көрсетіледі.

Білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламалары пәндерінің 50%-дан астамын игерген кезде "оқыту нысаны" деген жолда "қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып" деген тиісті белгі көрсетіледі;

7) бланкіде берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, білім беру ұйымы орналасқан қала, бланкінің берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) атtestаттау комиссиясы хаттамасының күні, нөмірі көрсетіледі;

9) философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін жоғары оқу орынан кейінгі білім туралы диплом, бейіні бойынша докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орынан кейінгі білім туралы диплом бланкісінде күні мен диссертациялық кеңес отырыс хаттамасының нөмірі (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ үшін) немесе Комитет шешімінің күні мен бүйрек нөмірі (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ үшін) көрсетіледі.

11. ЖЖОКБҰ басшысының қолдары бланкілерде қара пастасы бар шарикті қаламмен қойылады. Мөрге бөлінген орынға ЖЖОКБҰ мөрі қойылады.

12. Құжат бланкісі толтырылғаннан кейін ондағы енгізілген жазбалардың дәлдігі мен қатесіз болуы мүқият тексерілуі тиіс. Қателермен жасалған құжат бүлінген деп саналады және ауыстырылуы керек.

13. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалар мынадай үлгіде толтырылады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсетіледі;
  - 2) пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны - ECTS. Бағалау (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен));
  - 3) "Қорытынды аттестаттау" деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі. Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;
  - 4) "Алдыңғы білім туралы құжат" деген сөздерден кейін осы адамды ЖЖОКБҰ-ға қабылдауға негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген жылды көрсетіледі. Егер алдыңғы білім туралы құжат шетелде алынған жағдайда, оның мемлекеттік, ағылшын және (немесе) басқа (орыс және т.б.) тілдерге аударылған атауы және осы құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;
  - 5) "Оқуға түсті" және "Оқуды аяқтады" деген жолда тиісінше оқуға түскен жылды және оқуды бітірген жылды төрт таңбалы сандармен, сондай-ақ осы адам оқуға түскен ЖЖОКБҰ толық атауы және осы адам бітірген ЖЖОКБҰ-ның атауы көрсетіледі. Студент оқи алатын басқа ЖЖОКБҰ көрсетілмейді;
  - 6) "Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны – ECTS" деген жолда кредиттер саны цифrlармен көрсетіледі;
  - 7) "Оқытуудың орташа өлшемді бағасы (GPA)" деген жолда оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл цифrlармен көрсетіледі;
  - 8) "Кәсіптік практика" деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі);
  - 9) "Теориялық оқыту кредиттерінің саны" және "Теориялық оқыту ECTS кредиттерінің саны" деген жолда теориялық оқыту кредиттерінің саны цифrlармен көрсетіледі;
  - 10) "Аттестаттау комиссиясының шешімімен" деген жолда хаттаманың нөмірі және күні цифrlармен көрсетіледі;
  - 11) "Берілді (берілді)" деген жолда дәреже/біліктілік көрсетіледі;
  - 12) "Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша" деген жолда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды мен атауы көрсетіледі;
  - 13) "Ұлттық біліктілік шенберіне сәйкестік деңгейі" деген жолда мынадай деңгей цифrlармен көрсетіледі: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7, докторантура үшін – 8.
14. Студенттің осы дайындық бағыты немесе мамандығы үшін ЖЖОКБҰ-ның оқу жоспарында айқындалған пәндерден тыс оқыған пәндері студенттің өтініші бойынша оның келісімімен енгізіледі.

15. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшаларға ЖЖОКБҰ басшысы қол қояды. Мөрге бөлінген орынға ЖЖОКБҰ мөрі қойылады.

16. Дипломға қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді бітіргені туралы диплом жарамсыз болып табылады.

### **3-тарау. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар есепке алу мен беру қағидалары**

17. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің қабылдануын, сақталуын, берілуін және есептен шығарылуын ұйымдастыру бойынша бақылауды жүзеге асыру мақсатында ЖЖОКБҰ-да басшының бүйрығымен бекітілетін құрамы бес адамнан кем емес тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

18. Тиісті оқу жылында білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің пайдаланылуы туралы есепті материалдық жауапты тұлға ЖЖОКБҰ бухгалтериясына ұсынады.

19. Пайдаланылмаған білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері, олардың саны бланкілердің қозғалысы туралы есептерде көрсетіледі.

20. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың жетіспеу фактілері анықталған жағдайда комиссия акт жасайды, онда түгендеудің орны мен күні көрсетіледі.

21. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың жоғалғандығы анықталған жағдайда комиссия акт жасайды және материалдық жауапты тұлғага сактауга береді.

22. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жұмыста пайдаланылу барысында бүлінген жағдайда, бүлінген бланкілер бойынша акт жасалады. Бүлінген бланкілер жөніндегі актіге кесілген және қағаз парағына желімделген бүлінген бланкілердің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, бланкілердің қалған бөліктері жойылады.

23. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің мазмұнына өзгерістер енгізілген жағдайда, ескі үлгідегі бланкілер ЖЖОКБҰ-да басшының шешімі негізінде жойылады және білім туралы құжаттар бланкілерін жою актісімен ресімделеді. Актіге кесілген және қағаз парағына желімделген бланкілердің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, бланкілердің қалған бөліктері жойылады.

24. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жанбайтын сейфтерде, темір шкафтарда немесе шектеулі мерзімсіз бланкілердің сақталуын қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған үй-жайларда сакталады.

25. Есептік деректердің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру мақсатында есептердің көшірмелерін тиісінше сактау қамтамасыз етіледі. Есептер оларды жасау мерзімдері бойынша жеке папкаларда сакталады.

26. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырысты ұйымдастыру, сактау, есепке алу және беру жауапкершілігі ЖЖОКБҰ-ның материалдық жауапты тұлғасына жүктеледі.

27. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс берілуін, сақталуын, есепке алынуын және берілуін бақылауды жүзеге асыру ЖЖОКБҰ басшысына жүктеледі.

28. Аттестаттау комиссиясының білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткені туралы қуәландыратын және олардың тиісті білім деңгейін толық көлемде менгергенін растайтын шешімі өзіндік үлгідегі құжаттарды беру үшін негіздеме болып табылады.

Педагогикалық қайта даярлау туралы сертификатты беру үшін аттестаттау комиссиясының шешімі негіздеме болып табылады.

Озіндік үлгідегі философия докторы (PhD), бейіні бойынша докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беру үшін:

1) ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ үшін диссертациялық кеңестің шешімі;

2) ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі- Комитет) шешімі негізінде беріледі.

29. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар тиісті шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей ЖЖОКБҰ түлектеріне тегін негізде беріледі.

30. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар мен қосымшалары, сондай-ақ сертификаттар баспа құрылғыларының көмегімен (баспа құрылғыларының көмегімен толтырылатын деректерді есепке алмағанда) басылады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бүйрекінің  
37-қосымша  
нысан

### **Білім алушы аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама**

**Ескерту. Қағида 37-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2021 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

Қазақстан Республикасы

Қазақстанның гербі

Анықтама

берілді.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ол 20\_\_ жылғы "\_\_\_" 20\_\_ жылғы "\_\_\_" дейін

(білім беру үйімінің атауы, орналасқан жері,

мамандығы, оқу түрі)

---

оқыды.

білім алған кезінде

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

мынадай пәндерді (оқу пәндері) оқыды, сынақтар мен өмтихандар тапсырды, төменде көрсетілген 1, 2- сәйкес:

1 - орта білім;

2 - техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім жылдық (қорытынды) бағалар алды.

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)) (қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ Берілген күні 20\_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК